

Павлодар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 28 желтоқсандағы "2024-2026 жылдарға арналған Черноярка ауылдық округінің бюджеті туралы" № 12/125 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Павлодар облысы Павлодар аудандық мәслихатының 2024 жылғы 25 қыркүйектегі № 21/184 шешімі

Павлодар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Павлодар аудандық мәслихатының "2024-2026 жылдарға арналған Черноярка ауылдық округінің бюджеті туралы" 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 12/125 шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2024-2026 жылдарға арналған Черноярка ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, соның ішінде 2024 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 152 037 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер – 37 247 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 900 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 280 мың теңге;

трансферттер түсімі – 113 610 мың теңге;

2) шығындар – 160 693 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – нөлге тең;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – нөлге тең;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -8 656 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 8 656 мың теңге."

2) көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Павлодар аудандық мәслихатының төрағасы

Ж. Шұғаев

Павлодар аудандық
мәслихатының 2024 жылғы
26 қыркүйектегі № 21/184
шешіміне қосымша

Павлодар аудандық
мәслихатының 2023 жылғы
28 желтоқсандағы № 12/125
шешіміне 1-қосымша

2024 жылға арналған Черноярка ауылдық округінің бюджеті туралы (өзгерістермен)

Санаты				Сомасы (мың теңге)	
		Сыныбы			
			Кіші сыныбы		
				Атауы	
1	2	3	4	5	
			1. Кірістер	152 037	
1			Салықтық түсімдер	37 247	
	01		Табыс салығы	11 107	
		2	Жеке табыс салығы	11 107	
	04		Меншікке салынатын салықтар	25 735	
		1	Мүлікке салынатын салықтар	546	
		3	Жер салығы	597	
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	16 392	
		5	Бірыңғай жер салығы	8 200	
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	405	
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	331	
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	74	
2			Салықтық емес түсімдер	900	
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	900	
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	900	
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	280	
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	280	
		1	Жерді сату	280	
4			Трансферттердің түсімдері	113 610	
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	113 610	
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	113 610	
Функционалдық топ				Сомасы (мың теңге)	
		Кіші функция			
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама			
			Атауы		
1	2	3	4	5	6
				2. Шығындар	160 693
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	48 315
				Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын	

	1			өкілді, атқарушы және басқа органдар	48 315
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	48 315
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	47 215
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 100
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	26 144
	3			Елді-мекендерді көркейту	26 144
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	26 144
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	10 200
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	15 944
08				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	32 829
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	32 829
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	32 829
			006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	32 829
12				Көлік және коммуникация	53 405
	1			Автомобиль көлігі	53 405
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	53 405
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	4 100
			045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	49 305

			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	- 8 656
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	8 656

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК